

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ТӘРБИЕЛЕУ-ОҚЫТУ
ЖҰМЫСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУДІҢ
ТАЛАПТАРЫ

Әдістемелік ұсыным

АСТАНА

2014

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы базасында әзірленген

Пікір жазғандар:

А.Ж.Салиева, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент
Ж.Б.Бликова, Астана қаласы «Sultan» балаларды дамыту және сауықтыру
орталығының директоры
А.Б.Оразова, Маңғыстау облысы Ақтау қаласы «№31 «Еркемай» бөбекжайы-
ның» әдіскері

Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиелеу-оқыту жұмысында инновациялық технология-
ларды енгізудің талаптары: әдістемелік ұсыным.
– Астана, 2014, – 36 б.

Әдістемелік ұсыным мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу-тәрбиелеу жұмыстары-
на инновациялық технологияларды енгізу және қолдану бойынша бірыңғай талаптар және
практикалық ұсыныстармен қамтамасыз етуге бағдарланған және мектепке дейінгі оқыту
мен тәрбие сапасын және педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған. Құралда
бала дамуында түрлі интеграциялық тәсілдерді педагогтың еркін үйлестіруіне, заманауи
технологияның кең көлемінде инновациялық педагогикалық әдістерді, формаларды таңда-
уға, тәжірибеде тиімді қолдану үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың си-
паттамасы мен әдістемелік қолдауына мүмкіндік беретін жүйелі материалдар ұсынылған.
Мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі педагог қауымға, педагогика-
лық жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне арналған.

«Мектепке дейінгі балалық шақ
республикалық орталығы», 2014

КІРІСПЕ

Республикамыздың заманауи кезеңінде шығармашыл тұлғаға бағытталған оқытудың инновациялық технологияларына зор көңіл бөлінуде. Мектепке дейінгі ұйымның әр ұжымының міндеті – тәрбиеленушілердің білімді меңгеруі дамыған танымдық қабілеттері жағдайында жүргізілетіндей оқыту процесін ұйымдастыру, олардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру.

Мектепке дейінгі ұйымдарда педагогикалық үдеріс мектепке дейінгі жастағы баланы тиімді дамытуға ықпал ететін жаңа технологияларды мақсатты ендіруге бағытталады. Қазіргі педагогикада инновация – білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді, амалдарды, құралдарды, жаңа тұжырымдарды жасап, оларды қолдану ретінде анықталады.

Бүгінде республикада мектепке дейінгі ұйымдарөзініңқызыметіндетүрлітехнологиялардыңэлементтерін пайдаланады. Педагог пен баланың өзара қарым-қатынасын жүзеге асыратын оқытудың интерактивті әдісін қолдану өзекті болып келеді.

Құралда бала дамуында түрлі интеграциялық тәсілдерді педагогтың еркін үйлестіруіне, заманауи технологияның кең көлемінде инновациялық педагогикалық әдістерді, формаларды таңдауға, тәжірибеде тиімді қолдану үшін ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың сипаттамасы мен әдістемелік қолдауына мүмкіндік беретін жүйелі материалдар ұсынылған.

Әдістемелік ұсыным мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу-тәрбиелеу жұмыстарына инновациялық технологияларды енгізу және қолдану бойынша бірыңғай талаптар және практикалық ұсынымстармен қамтамасыз етуге бағдарланған және мектепке дейінгі оқыту мен тәрбие сапасын және педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған.

Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымдар жұмысында инновациялық бағдарлама мен технологияны енгізудің бірыңғай талаптары және тәжірибелік ұсынымдарымен әдістемелік қамтамасыз ету.

Міндеттері:

- мектепке дейінгі ұйымдарда инновациялық технологияларды қолдану бойынша тәрбиелеу-оқыту жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктерін
- мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту мақсатында мектепке дейінгі ұйым жұмысына инновациялық бағдарлама мен технологияны енгізу қажеттілігін негіздеу;
- мектепке дейінгі ұйымдар жұмысына инновациялық бағдарлама мен технологияны енгізу тәртібін ұсыну;
- мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-оқыту үдерісінде инновациялық бағдарламалар және технологияларды қолдану саласында тәрбиешілердің кәсіптік құзиреттілігінің деңгейін арттырудың жолдарын анықтау;
- мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-оқыту үдерісінде интерактивті нысандарды қолдану дағдыларын дамытудың тиімді әдістерін іздеу;
- мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілері мен педагогтарында мектепке дейінгі жастағы балалармен интерактивті өзара қарым-қатынас үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білуді қалыптастыру;
- тәрбиелеу үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында педагогтар мен тәр-

биеленушілердің жұмыстың жаңа түрлері мен әдістерін меңгеруге ықпал ету.

Қорытынды, шынайы білім беру практикасына инновациялық бағдарламалар мен технологияларды кезеңді енгізуді, педагогтардың кәсіптік және әдістемелік күзінеттілігінің өсуін, мектепке дейінгі білім беру сапасы және инновациялық қызметке дайындық деңгейін арттыруды қолдайтын оқыту ортасы құрылады.

Әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялауымен байланысты барлық білім беру жүйесін жаңғырту үдерісі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруға жоғары талаптар қоя отырып, осы үдеріске жана, барынша тиімді психологиялық-педагогикалық тәсілдемені іздеуді қарқындатады.

Қоғамның заманауи даму сатысында инновациялық үдерістер, бірінші кезекте, баланың әлеуетті қабілеттіліктерін ашудың бірінші деңгейі ретінде мектепке дейінгі білім беру жүйесіне әсер етеді.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ БОЙЫНША ТӘРБИЕЛЕУ-ОҚЫТУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Инновациялар бала тұлғасына, оның қабілеттіліктерін дамытуға бағдарланған педагогикалық практикада қолданылатын жаңа әдістерді, нысандарды, құралдарды, технологияларды анықтайды. Қазақстанның заманауи даму сатысында білім беру үдерістерінде өзгерістер орын алуда: мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі педагогтардың назарын балалардың шығармашылық және интеллектуалдық дамуына, эмоционалды-еріктік және қозғалыс аясын түзеуге бұра отырып, білім беру мазмұны күрделене түсуде; дәстүрлі әдістердің орнын баланың танымдық дамуын белсендіруге бағытталған тәрбие мен оқытудың белсенді әдістері басуда.

Инновациялық технологиялар – заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайда баланың тұлғалық дамуында динамикалық өзгерістер есебінен позитивті нәтижеге жетуге бағытталған тәрбиелеу құралдарының, оқыту тәсілдері мен әдістерінің жүйесі. Инновациялық технологиялар педагогикалық іс-әрекет үдерісінде өзінің тиімділігін дәлелдеген білім берудің прогрессивті технологиялары мен стереотиптік элементтерін үйлестіреді.

Мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық кадрларының кәсіби қызметінде келесі технологиялар қолданылып келеді:

- денсаулық сақтау технологиялары;
- жобалық әрекет технологиясы;
- зерттеуші әрекет технологиясы;
- ойын технологиясы;
- жекелік-үйлестіруші технологиясы;
- тәрбиеленуші мен тәрбиешінің портфолио технологиясы;
- ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.

Халықаралық тәжірибе зерттеуі көрсеткендей, заманауи білім берудің өзекті міндетінің бірі мектеп жасына дейінгі интеллектуалды дамыған балаларды ерте жастан анықтау, оқыту және тәрбиелеу болып табылады. Мәселен, Ресейде, Жапонияда, Финляндияда, АҚШ-та, Қытайда және басқа дамыған елдерде әл-ауқаттың дамуы ерте жастан балалардың интеллектуалды дамуына капитал салуымен байланысты. Барлық осы елдерде интеллектуалды дамыған баланы тәрбиелеуде ғылым жетістіктері мен жаңа ақпараттық технологиялар қолданылады, олар жаңа типті ұйымдар желісі – интеллектуалды мектепке дейінгі ұйым арқылы іске асырылады.

Жетекші халықаралық тәжірибе негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға білім берудің заманауи әдістерін ендіреді. «Балбөбек», «Қайнар», «Алғашқы қадам» (1-3 жас), «Зерек бала» (3-5 жас), «Біз мектепке барамыз» (5-6 жас) және т.б. білім беру бағдарламаларымен қатар Монтессори технологиясы, Н. Зайцев, Ф. Фребель жүйесі бойынша Вальдорфский педагогикасы (Штайнер әдістемесі) бойынша оқу материалдары қолданылады.

Модельдеу, жобалық-зерттеу, интеллектуалдық-ойын тәсілдері негізінде құрылған интеллектуалдық технологиялар айрықша қызығушылық тудырады. Олар интеллектуалды балаларды математикаға, мәдениетке, тілдерге, логикаға жан-жақты дамытуға бағытталған. Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісіне инновациялық технологияларды ендіру әрбір баланың интеллектуалдық сұраныстарын барынша тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Оларға 3 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды тілге, математикаға, логикаға оқытуға арналған «E-Blocks» интерактивті бағдарламасымен қамтамасыз ету; оқыту кешендері, балалардың жан-жақты дамуына, тілдерге ерте оқытуға, Қазақстан халқының мәдениеті мен ұлттық мәдениетті оқытуға бағытталған оқыту кешендері: сөйлейтін қаламы бар «Даналық әліппесі»; сөйлейтін қаламы бар «ZEREK»; «Интерактивті дыбыстық картасы» жатады. Сонымен қатар жетекші отандық және шетелдік инновациялық әдістер мен технологияларды одан әрі тереңірек зерттеуін, бейімделген технологияларды анықтау және апробациядан өткізу, білім беруді жаңғыртумен байланысты әлемдік білім беру деңгейіне сәйкес болу мақсатында оларды ендіруді қажет етеді.

«Даналық әліппесі» әр адамның рухани әлемін өнермен байыту, санасын халқымыздың даналыққа жеткізетін ізгі қасиеттерімен ояту, тілін ақылмен билеуге жеткізетін шешендік өнермен дамыту мақсатында елімізде тұңғыш рет жаңа технология негізінде әзірленді. «Даналық әліппесіне» баланың туғаннан бастап, жеке дамуы мен қалыптасуына мүмкіндік туғызатын, даналықтың қайнаркөзі болып табылатын рухани құндылықтарымыз - қобыз, сыбызғы, домбыра күйлері, бесік жыры, халық әні, халық дүниетанымы, билер сөзі, халық ертегісі, халық даналығы, жыраулар дастаны, бабалар батасы зерделеніп, тандалып жинақталды. Бұл халықтық туындылар электрондық дыбыстау құралы - «Сөйлейтін қалам» арқылы тыңдалады.

Мәтіндік жазба нұсқасына үн дарыту «Сөйлейтін» қалам және кітап бетіндегі арнайы қойылған белгілер арқылы жүзеге асады. «Сөйлейтін» қалам дегеніміз – кәдімгі автоқалам түрінде және көлемінде жасалған құрал. «Сөйлейтін» қаламның ұшын кітаптағы мәтінге қойылған белгілерге тигізгенде, сол белгінің белгілеп тұрған жеріндегі мәтін немесе оның үзіндісіне үн бітіп, кәдімгі жанды сөз естіледі. Ол – компанияда алдын ала жазылып, қалам ішіне орнатылған бағдарламаға енгізілген диктордың оқуындағы мәтін. Тыңдау ұғынықты болу үшін диктордың дикциясының анық, қуатты және мәнерлі әрі техникалық тазалығы қамтамасыз етілген.

«Zerek» сөйлейтін қаламы - бұл өзі үшін арнайы шығарылған кітап беттерінен ақпаратты оқуға және оны кіріктірілген динамиктің жәрдемімен дыбыстауға мүмкіндік беретін электронды құрылғы. Кітап беттеріндегі ақпаратты тыңдау үшін беттің қызықтыратын тұсына «Zerek» сканерін жақындату қажет, содан кейін кіріктірілген динамиктің жәрдемімен ауызша сүйемелдеу қосылады. Осындай бір ғана қаламның жәрдемімен көптеген әр түрлі кітаптар мен оқу құралдарының дыбысын шығаруға болады. Қалам және кітаптар әріптерді, дыбыстарды дұрыс айтуға, сөйлемдерді дұрыс оқуға, санауға үйретеді, тіпті шет тілдерін меңгеруге көмектеседі, сондай-ақ сұрақ қою арқылы баланың білімін тексереді. «Zerek» сөйлейтін қаламы» жобасы қазақ тіліндегі «Optical ID» электронды жүйе функциясы кіріктірілген жалғыз жоба болып табылады.

Сонымен бірге, инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивтік бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табууда. Қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар әрбір баланың шығармашылық

қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Сондай-ақ баланың танымдық іс-әрекеттері күшейіп, өзіндік жұмыстарды тез орындау мүмкіндіктері артады.

Осындай құралдардың бірі-мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс-әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді. Балабақша баласына мультимедиялық оқулықтар біріншіден, балалардың қызығушылығын арттырады, екіншіден, зейін қойып көрумен қатар түсінбеген жерлерін қайта көруге мүмкіндік алады. Мультимедиялық оқулықтар балабақшада балаларға арналған таптырмас құрал болып табылады. Өйткені, балалардың зейіні әр түрлі әдемі түстерге, ойыншықтарға, әдемі суреттерге, әсемдікке әуес болады. Мультимедиялық электронды оқулықтар бала үшін де, тәрбиеші үшін де күнде дамытылып отыратын анық түрдегі әдістемелік жүйе болып табылады.

Жаңа білім беру жүйесін дамыту негізіне оқытудың заманауи технологиясы жатады: Интернет-технология, электронды пошта технологиясы, компьютерлік оқыту бағдарламалары, Web-технологиялары, «кейс-стади» (аналитикалық және сыни ойлауды, сонымен қатар креативті дамыту үшін үздік әдістемелердің бірі ретінде саналады, кейс-әдіс, практикалық мысалдарда оқыту, нақты жағдайлар әдісі, жағдайлық оқыту, жағдайлық тапсырмалар), рефлексия өзін-өзі тану және өзін-өзі бағалау әдісі ретінде, тренингтік технологиялар, жобалар әдісін қолданумен оқыту технологиясы. Қазіргі кезде сабақтар мен сыныптан тыс шараларды өткізуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданбай елестету мүмкін емес.

ТӘРБИЕЛЕУ-ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ АҚПАРАТТЫҚ– КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар деп оқыту педагогикасында арнайы техникалық ақпараттық құралдарды (интерактивті тақта, электронды - есептеуіш машиналар, аудио, бейне) пайдаланатын барлық технологияларды атайды. Компьютерлер білім беруде кеңінен қолданыла бастады, «оқытудың компьютерлік технологиясы» термині пайда болды. Компьютерлік технологиялар бағдарлама-лаған оқытудың идеяларын дамытады, заманауи компьютерлер мен коммуникацияның бірегей мүмкіндіктерімен байланысты тың, әлі зерттеле қоймаған нұсқаларды ашады. Оқытудың компьютерлік (жаңа ақпараттық) технологиялары – бұл педагогтың компьютер арқылы ақпараттарды дайындау және беру үдерістері.

Компьютерлік технологиясының мақсаты ақпаратпен жұмыс жасау қабілетін қалыптастыру, коммуникациялық қабілеттіліктерді дамыту, «ақпараттық қоғам» тұлғасын дайындау, зерттеу қабілетін қалыптастыру, оңтайлы шешімдерді қабылдау қабілеті болып табылады.

Ақпараттық технологиялар ата-аналар, педагогтар мен мамандардың ерте жастан оқыту саласында мүмкіндіктерін едәуір кеңейтеді. Заманауи компьютерді қолдану мүмкіндіктері баланың қабілеттіліктерін дамуын барынша толық және табысты іске асыруына мүмкіндік береді. Ақпараттық коммуникациялық

технологиялар интеллектуалды, шығармашылық қабілеттіліктерді дамытуға, жаңа білімдерді өз бетімен алуына мүмкіндік береді. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар тәрбиешіге бала тұлғасының байытылған даму әлеуетін салуына мүмкіндік береді. Тәжірибе көрсеткендей, балалардың танымдық мүмкіндіктер деңгейі артады, балалардың сабақтарға қызығушылығы едәуір өседі.

Түсіндіру мен бекітуде, ойын нысанында жаңа үйреншікті тәсілдерді қолдану балалардың еріксіз назарын арттырады, ерікті назарын дамуына көмектеседі. Сабақтан тыс компьютерлік ойындар баланың білімін бекітуіне көмектеседі; оларды өз құрдастарынан интеллектуалды даму тұрғысынан алдағы немесе олардан артта қалған балалармен жеке сабақ өткізу үшін қолдануға болады; интеллектуалдық іс-әрекет үшін қажетті психикалық қабілеттіліктерді дамыту үшін: қабылдау, назар, жады, ойлау, ұсақ моториканы дамыту.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ақпараттық – коммуникациялық технология құралдарын қолданудағы мақсат - баланың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Балада танымдық қызығушылықтың болуы олардың оқу іс-әрекеттерге белсенді, білімінің сапалы болуына, жағымды мінез құлықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Интерактивті тақтаның жетістіктерінің кіші жастағы балаларда оқуға, жаңа білім алуға деген құштарлық туғызады. Интерактивті тақта ақпаратты кеңінен ұсыну құралы болып келеді және баланың мотивациясын күшейтеді. Мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы (түс, графика, дыбыс, замануи видеотехникалық құралдар) түрлі жағдайлар мен органы моделдеуге болады. Мультимедиялық бағдарламаларға еңгізілген ойын компоненттері үйренушінің танымдық әрекетін белсендіреді және материалды ұғынуды күшейтеді.

Интерактивті оқу іс-әрекеттерін өткізу бөлмесі келесі міндеттерді орындайды:

- балаларды жаңа технологиялары арқылы оқыту;
- сауық және ойын орталығы;
- мұнда көлемді білімдендіру және сауықтыру міндеттер орындалады;
- балаларға және тәрбиешілерге жұмыстануға өте жағымды жағдайлар туғызады;

• балаларды компьютерлік технологияның мүмкіндіктері мен дағдыларымен таныстырады.

Электрондық жүйеде оқытуда мультимедияны пайдалану, балаларға ақпаратты беру жылдамдығын, оны түсінуді көтеріп ғана қоймай, сонымен қатар мынандай маңызды сапаларды интуиция, образдық ойлауын дамытады.

Мектепке дейінгі мекемеде интерактивті тақтаны пайдалану тәсілдері өте көп. Бұлар презентациялар, интерактивті оқыту бағдарламалары, графикалық, бағдарламалық орталықтарда жобалар құрастыру.

Интерактивті тақтаны пайдалануда қандай дағдылар болу қажет:

- компьютерді қолдана білудің бастапқы білімі;
- Word, Power Point бағдарламаларымен жұмыстану;
- Интернет жүйесінде жұмыстану практикасы (бейнелерді, әзір презентациялар мен оқыту бағдарламаларын тауып алу)
- ActivInspire бағдарламасында флипчарт-сабақтар құру.

Флипчарт - бұл материалдарды құруға және көрсетуге болатын жұмыс үстелі. Бұл көптеген беттері бар кітапты еске түсіретін дәстүрлі қағаз флипчарт-

тының экранды түрі, бір мезгілде бірнеше флипчарт ашуға болады. Бір мезгілде сегіз флипчартқа дейін ашуға болады. Әрбір флипчарт бүкіл экранға жазуға немесе өлшемі бойынша өзгертуге және ұқыпты етіп мозаика етіп орналастыруға болатын жеке терезеде ашылады. Белсенді флипчарт - бұл берілген әрекеттерді орындауға болатын флипчарт. Флипчарт бетінің саны шектеусіз (оның саны компьютердің есептеу мүмкіндігі мен жадының көлеміне ғана шектеулі).

Флипчарт бетінде төмендегі әрекеттерді:

- бейнелеу фонын қосуға;
- ескертулер жазуға және түсініктеме белгілер енгізуге;
- суреттер құруға немесе кең ауқымды кітапхана қорынан суреттер қолдануға;
- ішкі қосымшадан бейнелерді импорттауға;
- сілтемелер қосуға;
- бейнелерді түсіруге және оларды флипчартқа қондыруға;
- географиялық картаға бейнелеп көрсетуге;
- фильмдер мен ойындарды көрсетіп орындауға болады.

Оқытуда интерактивті кешендерді пайдалану сапалы, қызықты және оңтайлы болып келеді. Электрондық мультимедиялық бағдарламаларды дәстүрлі оқыту және педагогикалық инновациялармен қатар, оқыту үрдісінде үнемі қолдану дайындығы әртүрлі деңгейдегі балаларды оқыту тиімділігін көтереді. Әрбір педагогикалық технологиялар педагогтың қызметінде инновациялық технологиялар, соның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қолданылса, ұйымдастырылған оқу-іс әрекеті қызықты әрі оқыту нәтижесінің сапасы артады.

ТӘРБИЕЛЕУ-ОҚЫТУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Инновация – бұл қойылған мақсатқа жетуде ойға алынған жаңа нәтиже. Инновацияға деген қажеттілік қандай да бір мәселені шешу жолында туындайды, түпкі мен шынайы нәтиже арасында қарама-қайшылық туады.

Инновацияны жете түсініп, инновациялық технологияларды балабақша өміріне кеңінен енгізуде оң нәтиже алу үшін келесі шарттарды ұстану қажет:

Бірінші - инновацияны енгізуге деген мотивациялық жағдай, яғни жаңа іс-әрекетті қабылдауға, әрі қарай меңгеруге деген себеп-салдардың туындауы. Инновациялық іс-әрекет жоспарын қарастыра отырып, әр педагог нақты мәселені шешу, оның жалпы нәтижесі үшін жауапкершілікті сезінуі тиіс.

Екінші – инновациялық іс-әрекетке дайындық – бұл құзіреттілікті қалыптастыру. Осы құзіреттілік ақпаратты қабылдау, жеткізу және шынайы бағалаудан тұрады.

Инновациялық технологияларды қолдануда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту маманы қызметінің мақсаты нақты талаптар жиынтығынан құрылады:

1. Тәрбие үдерісінің ішкі және сыртқы жақтарының бірлігін жүзеге асыру.
2. Баланың қабілеттерін жетілдіретін, олардың потенциалдық мүмкіндіктерін анықтайтын және жеке дамытуды қамтамасыз ететін түрлі әрекеттер сабақтар енгізу арқылы тәрбиеленушінің танымдық қызметін пе-

дагогикалық мақсатты ұйымдастыру. Оқыту үдерісіне енгізілген іс-әрекет түрлері сабақты байытады, себебі танымдық үдеріске ерекшелік енгізеді: көркем іс-әрекеті әлемді меңгеруге түрлілік әкеледі; еңбек — практикалық құнды білім береді; ойын — материалды жақсы қабылдауға ықпал етеді.

3. Балалар меңгеретін оқу материалының мазмұнын байыту және түрлендіру.

4. Балалардың танымдық белсенділігін қалыптастыру үшін мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық процесіне тәрбиеленушілердің танымдық белсенділігін нығайтатын, олардың өзіндік шығармашылық ізденуін қанағаттандыратын оқытудың жетілдірілген тәсілдерін енгізу.

5. Балалармен көптүрлі, жан-жақты, сөздік қорға бай қатынасты ұйымдастыру, олардың бойында танымдық стимулдар әсерін ұлғайту, түрлі қарым-қатынастарды қалыптастыру.

6. Сабақты жаттығу элементтерімен түрлендіру, жеке тапсырмаларды қолдану, ұжымдық талдау дағдыларын қолдану арқылы балаларды танымдық іс-әрекетке баулу.

7. Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиелеу-оқыту үдерісінде қолданылатын инновация ұғымын жетік меңгеру;

8. Инновациялық технологияларды жетік меңгеру;

9. Инновациялық технологиялар жүйесін құрудың тиімді әдістерін анықтау;

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану білім беру қызметінің бір бөлігі ғана болуы керектігін ескерген жөн. Ол мектепке дейінгі жаста қажетті эмоционалдық адамдық қатынасты ауыстырып емес, толықтыру керек. Қарқынды даму прогресіне келешек ұрпақтың денсаулығын құрбан етіп баруға болмайды, алайда сонымен бірге компьютерлер – бұл біздің болашағымыз. Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісіне ақпараттық–коммуникациялық технологияларды енгізу ұсынған ақпараттың дизайнымен сабақты тартымды, заманауи етуге мүмкіндік береді.

Компьютердің артықшылығы:

- ақпаратты компьютер экранында ойын түрінде ұсыну балалардың зор қызығушылығын шақырады;

- мектепке дейінгі жастағы балаға түсінікті ақпараттың жаңа түрін ұсынады;

- қозғалыс, дыбыс, мультипликация баланың көңілін көбірек аударады;

- балалардың танымдық белсенділігінің стимулы болады;

- оқытудың жекелеу мүмкіндігін ұсынады;

- мектепке дейінгі жастағы бала компьютер жанындағы өзінің әрекетінде сенімділікке ие болады;

- күнделікті өмірде көрінбейтін өмірлік жағдайларды моделдеуге мүмкіндік береді.

- Сабақ баланың қауіпсіздігіне жауапты педагогтың немесе тәрбиешінің қатысуымен ғана өткізіледі. Мұндай сабақтарға арнайы кабинет қажет.

- Көру кезінде көзге күш салмау үшін компьютер экранындағы бейне анық болуы қажет.

- Жарықтан қорғану үшін жеңіл перделер немесе жалюзи қолданылады.

- Компьютермен жұмыс кезінде бөлмеде спецификалық жағдайлар құрылады: ауаның ылғалдығы бәсеңдейді, ауа температурасы жоғарылайды, сондықтан еден тұрақтылыққа қарсы жабылуы керек, кілеммен жабуды қолдануға

жол берілмейді.

- Ыңғайлы микроклиматты қолдау үшін сабақтың алдында және соңында кабинетті желдету және ылғалды тазалау қажет.

- Мектепке дейінгі ересек жастағы балалармен жұмыста сабақтың жалпы ұзақтығы 25-30 минутты құрайды. Оның ішінде 5-7 минут балалар тікелей компьютермен жұмыстанады, басқа мультимедиялық құралдарға (тұсаукесер, слайд-шоу, фотоальбомдар) тағы 5-10 минут.

- Мультимедиялық технологияларды әрбір сабақта қолдануға болмайды, себебі, бұл сабақтарды дайындау және ұйымдастыру кезінде педагогтан, сонымен бірге, балалардан да интеллектуалдық және эмоционалдық күш күнделікті даярлықтан да көбірек қажет етіледі.

Мектепке дейінгі ұйымның компьютерлік бағдарламасына талаптар:

- Зерттеушілік сипат;
- Балалардың жеке жұмыстары үшін жеңілдігі;
- Дағдылар мен ұсынымдардың кең спектрін дамыту;
- Жас ерекшелік сәйкестігі;
- Қызықтылығы.

Бағдарламаны жсіктеу:

- Ой-қиялын, есте сақтауды дамыту;
- Шет тілдерінде сөйлейтін сөздіктер;
- Қарапайым графикалық редакторлар;
- Ойын-саяхаттар;
- Оқуға, математикаға оқыту;
- Мультимедиялық тұсаукесерлерді қолдану;
- Сабақтарға және стенд, топтар, кабинеттерді безендіруге, сондай-ақ флипчарт сабақтарға көрнекі материалдарды іріктеп таңдау (сканерлеу, Интернет; принтер, тұсаукесер;

• Сабақтарға қосымша танымдық материалдарды іріктеп таңдау, мерекелер мен басқа да іс-шаралар сценарияларымен танысу.

• Балалармен білім беру сабақтарының тиімділігін және ата-аналар жиналысын өткізу процесінде олардың педагогикалық күзіреттілігін арттыру үшін Power Point бағдарламасында тұсаукесер құру.

Қорытынды: Заманауи ақпараттық технологияларды сауатты қолдану балаларды оқуға ынталандыруға зор әсерін береді. Нақты шынайы нәрселерді құруға немесе құбылысты түспен, қозғалысты дыбыспен түрлендіруіне мүмкіндік береді. Бұл балалардың қабілеттерін мейлінше кеңінен ашуға, ақыл-ой әрекетін белсендіруге ықпал етеді.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ

Республикада мектепке дейінгі білім беруде инновациялық технологияларды енгізу бойынша озық отандық және шетелдік тәжірибелер зерделенуде. Тәжірибе көрсеткендей, инновациялық технологияларды енгізу үшін тиісті жағдайларды құру қажет:

Біріншіден, бұл мектепке дейінгі ұйым ғимаратының талапқа сай болуы.

Екіншіден, баланың денсаулығы және тәрбиелеу-оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды игеруге даярлығы.

Үшіншіден, педагогтардың педагогикалық-техникалық даярлығы.

Инновациялық процесті кезеңді дамыту әрбір кезеңнің міндеттерін табысты іске асыруды қамтамасыз ететін құралдарды анықтауды талап етеді.

Мектепке дейінгі ұйымда инновациялық технологияларды ұйымдастыру құрылымы келесі кезеңдерді енгізеді: диагностикалық-болжамдық, даярлық, ұйымдастырушы, әрекеттік, бағалау-түзетуші.

Диагностикалық-болжамдық кезеңдеситуацияны бағалау, мәселені ойлау және жаңа интеграциялық тәсілдерді меңгерту, мектепке дейінгі ұйымның ғылыми-теориялық әлеуетін дамыту бойынша бағыттарды ұжымдық болжау жүргізіледі.

Даярлық кезең инновациялық әрекетті жүзеге асыруға, мәселені шешу үшін білімді толықтыру және жаңғыртуға даярлықты қалыптастыруға, педагогтарда кәсіптік-педагогикалық құзіреттілігінің старттық деңгейін дамытудың мақсатты үйлестірілуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Ұйымдастырушы кезең инновациялық педагогикалық әрекеттің ұйымдастыру нысандарын рәсімдеуді қамтамасыз етуге бейімделген, мұнда инновациялық әрекеттің негізгі бағыттары іске асырылады, педагогикалық процесті дамыту болжанады, бұл кезеңде жүзеге асырудың мейлінше тиімді тәсілдері анықталады.

Әрекеттік кезең жаңалықтың практикалық меңгерілуін қамтамасыз етеді. Бұл кезеңде түрлі бағыттағы инновациялық әрекеттер жобасы құрылады және апробацияланады, инновациялық әрекеттер кіріктіріледі және үйлестіріледі.

Бағалау-түзетуші кезең практикалық қызметте жүзеге асырылатын жобалар мен болжамдарды бағалау және үйлестіруді қамтамасыз етуге, инновациялық процесте мектепке дейінгі ұйым педагогтарының кәсіптік-педагогикалық құзіреттілігін дамыту деңгейін объективті бағалауға бейімделген.

ЖҰМЫС ТӘЖІРИБЕСІН ЖИНАҚТАУ ЖӘНЕ ЖАЛПЫЛАУ

Жаңа инновациялық оқыту технологиясы кәсіптік қызметтің ерекше түрі болып табылады. Инновациялық оқыту технологиясын меңгеру үшін педагогикалық аса зор тәжірибені жұмылдыру қажет. Бұл өз қызметіне шығармашылықпен қарайтын, жеке басының белгілі іскерлік қасиеті бар адамды қажет ететін жұмыс. Шындығында да әрбір педагог жаңа инновациялық технологияны меңгеру барысында өзін-өзі дамытады және өзін-өзі қалыптастырады. ХХІ ғасырда болашақ мамандарды даярлау, олардың кәсіби бейім-

делуін қалыптастыру мәселелері – кезек күттірмейтін өзекті қоғам талабы.

Әрбір педагогтың инновациялық іс-әрекетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары: инновация туралы білімі; инновацияны жан-жақты меңгеру; инновациялық іс-әрекет диагностикасын меңгеру; инновацияны тәжірибеге ендіру жұмыстары; инновацияны практикада дұрыс қолдану.

Тәжірибені жинақтау:

- деректер талдауы негізінде алынған жүйелендіру мен синтезі;
- тәжірибенің басты идеясы мен мәнінің тұжырымдамасы;
- тәжірибе дамыған және педагог орын алған қиыншылықтар жағдайларды ашу;
- тәжірибе қолдану аясы мен оның өзге педагогтар үшін практикалық маңыздылығын анықтау;
- белгілі бір талаптарға сәйкес тәжірибе сипаттамасы.

Жетекші педагогикалық тәжірибені ұсыну нысандары:

- презентациялар (мысалы, әріптестерді шақырумен);
- авторлық арнайы курстарды (мастер-класс), машықтанушы алаңдарын дайындау;

- мастер-класс;
- конференция;
- ғылыми-практикалық семинар;
- авторлық сайт, блог;
- әдістемелік бағыттағы брошюралар, плакаттар;
- бейнематериалдар (әдістемелік бағыттағы фильм);
- дөңгелек үстел;
- құжаттар пакеті (әдістемелік ұсынымдар);
- консультациялық пункттер ашу;
- диск;
- көрме (виртуалды немесе шынайы).

Балабақшада әдістемелік жұмыстың тапсырмалар кешенін модельдей отыра, негізіне педагогтың кәсіби маңызды функционалды қасиеттерін алу қажет. Осыған орай, әдістемелік жұмыстың өзара байланысты функциялардың келесідей үш тобын атап көрсетеміз:

- 1) жалпы мемлекеттік білім беру жүйесіне, педагогикалық ғылымға және жетекші педагогикалық тәжірибеге қатысты функциялары;
- 2) бала бақшаның педагогикалық ұжымға қатысты функциялары;
- 3) нақты бір педагогке және тәрбиешіге қатысты функциялары.

Осы барлық функциялардың өзінің соңғы нәтижелері болады, алдыңғы екі топ үшінші топқа «жұмыс істейді», себебі үшінші топтың іске асуы балабақшадағы инновациялық өзгерістермен байланысты міндеттерді шешуге мектепке дейінгі мекемелерді жақындатады.

Кәсіби шеберлікпен қатар, әрбір педагогтың тұлғалық дамуының артуына, оның шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуына көмектесетін модельге бала бақшада келесідей инновациялық топтарды қосады:

- 1) педагогтардың шығармашылық тобы;
- 2) ғылыми-әдістемелік кеңес;
- 3) педагог-тәлімгерлер тобы;

- 4) ақпараттық қолдау тобы;
- 5) «Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеуін дамыту» қалалық әдістемелік бірлестігі.

Мұндай модельді қолдану келесідей нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:

- мектепке дейінгі білім беру сапасының мазмұнын жаңарту және апасын арттыру;
- әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың нысандарын жетілдіру;
- білім беру сапасын басқаруды жаңғырту;
- педагогтардың кәсіби және әдістемелік құзыреттіліктерінің өсуі, олардың инновациялық іс-әрекеттерге дайындық деңгейін арттыру;
- инновациялық әдістемелік өнімдерді дайындау (инновациялық бағыттар бойынша келешекті жоспарлау, әдістемелік әзірлемелер, жобалар мен авторлық бағдарламаларды жасау).

Заманауи педагог жұмысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану тиімділігі:

1. Сабақтарға және стенд, топтар, кабинеттерді безендіруге көрнекі материалдарды іріктеп таңдау (сканерлеу, Интернет; принтер, тұсаукесер).
2. Сабақтарға қосымша танымдық материалдарды іріктеп таңдау, мерекелер мен басқа да іс-шаралар сценарийларымен танысу.
3. Ресей және шетел педагогтарының озық тәжірибелерімен алмасу.
4. Топтық құжаттарды, есептерді рәсімдеу. Компьютер есептер мен талдауларды күнде жазуға мүмкіндік бермейді, бір рет қана сызба дайындап алып, келесі жолы қажетті өзгертулер енгізіп отырады.
5. Балалармен білім беру сабақтарының тиімділігін және ата-аналар жиналысын өткізу процесінде олардың педагогикалық құзіреттілігін арттыру үшін Power Point бағдарламасында тұсаукесер құру.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен қазіргі таңда келесілер жүзеге асырылады:

- бастапқы материалдарды мәтіндік және графикалық редакторлар көмегімен дайындау (іс-шаралар сценарийлері, рефераттар, шығармалар және т.б. жазылады);
- графикалық суреттер салу (диаграмма);
- сканерлеу;
- графикалық редакторлар көмегімен сандық фотосуретті өңдеу;
- дыбыспен сүйемелдеуді және бейнесуретті жасау;
- әртүрлі шығармашылық жұмыстарды орындау;
- компьютерлік суреттер байқауына қатысу;
- компьютерде жұмыс нәтижелерін ресімдеу;
- электронды түрде тезистер мен шығармашылық жұмыстарды дайындау;
- Интернет-кеңістікте іздеу, зерттеу, байқау жұмыстары;
- Интернет және электронды пошта құралдарымен жұмыстарды жіберу;
- Интернет-сайтты ашу;
- көрмелерді ұйымдастыру (тақырыптық, авторлық (фотокөрмелер));
- сынып сағаттарын, әңгімелерін, викториналар жүргізу;
- балалардың портфолиосын жасау;

- бейнефильмдерді көру;
- аудиожазбалар мен мультимедиялық өнімдерді қолдану;
- эстетикалық бағыттағы кештерді ұйымдастыру;
- ақпараттық стендтер;
- түрлі тұсаукесерлерді, бейнероликтерді қолданумен ата-аналар жиналыстарын, Отбасы күнін, Отбасылық махаббат сабақтарын өткізу;
- психолог жұмысында жеке және топтық жұмыстар үшін дамытушы ойын дарды тесттік компьютерлік диагностиканы, бланктерді қолдану;
- компьютерлік ойындар және т.б.

Педагог портфолиосын құру:

Тәжірибенің нәтижелілігі (жетекші педагогикалық тәжірибе критерийлерінде ашылған).

Жұмыс тәжірибесіне қосымша:

- сабаққа дайындалу алгоритмі;
- сабақты және іс-әрекеттің өзге түрлерін жүргізу алгоритмі;
- сабақтар конспектісі;
- балалармен оқу-тәрбиелік жұмыс жоспарлары;
- бала іс-әрекетінің өнімдері және т.б.

ЖИНАҚТАЛҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ТАРАТУ

Мектепке дейінгі ұйымдағы тәрбиелеу мен оқыту үдерісіне педагогикалық білімі бар тәрбиешілер қатысады, ал педагогтарға бағыт беріп, жаңашыл әдістерді таныстырып, білім сапасын арттыруда әдіскердің рөлі зор. Әрбір ұжым, тіпті әр педагог педагогикалық үдерісте инновациялық, яғни жаңашылдық идея беруге құқылы. Ал әдіскер жаңа идеяларды іздестіріп, жүзеге асыратын бірден-бір күзиретті тұлға.

Инновациялық технологияларды енгізуде әдіскердің әдістемелік жұмысының мақсаты - ұтымды әдіс-тәсілдерді игеру, балаларды тәрбиелеу, оқыту мен дамыту, білім беру ұйымдастыруда педагогтардың әдістемелік дайындығын көтеру, тәжірибе алмасу, педагогикалық озық тәжірибені насихаттау. Бұл бағытта әдіскердің мектепке дейінгі ұйым педагогтарымен коучинг-кеңестер, шеберлік-сыныптар ұйымдастырып өткізуі – бүгінгі жаңашыл жұмыстардың бірі.

- Коучинг-кеңестің негізгі процедурасы – диалог, тиімді сұрақтар қою және жауаптарын мұқият тыңдау арқылы педагогтың әлеуетін ашады, оның жұмыс тәжірибесінің инновациялық жаңашылдығының тиімділігін анықтайды.

- Шеберлік сынып - педагог жұмысының әдісін және тәсілін, жүйелі іс-әрекеттің көрсеткішін және тікелей педагогикалық іс-тәжірибені ашық көрсететін амал.

Біліктілікті арттыру орталығында, не ғылыми-әдістемелік орталықтарында жұмыс тәжірибесін жинақтау және көрсете алу педагогты шешім жасауға дайындамайтын міндет болып табылады. Педагогтың жұмыс тәжірибесін жинақтау, жүйелеу және жалпылау, инновациялық педагогикалық өнімдер жасау, зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру қабілетіне деген талаптар жыл сайын артуда. Алайда әрбір педагог қойылатын талаптар шегінде өз жұмысын сауатты жинақтап, көрсете алуға дайын емес. Сондықтан

негізгі шешу жолдарының бірі өз бетімен білім алу болып қала бермек.

Материалды дайындау мен құрылымдау кезінде келесідей негізгі сәттерді атап көрсетуге болады:

1. Педагогикалық тәжірибенің өзектілігі, осы тәжірибенің қоғам дамуының заманауи үрдістеріне, педагогикалық ғылымның заманауи идеяларына сәйкестілігі. Бұл тарау педагогикалық құралдармен ұсынылған қандай да бір мәселені шешу маңыздылығы деңгейін аша алады. Білім беру мекемесі алдына қойылған міндеттерді шешуіне тәжірибе қаншалықты көмектесе алады, көпшілік практикада кездесетін қандай қайшылықтар мен қиыншылықтар бұл тәжірибеде табысты шешіледі. Тәжірибенің жаңалығы, педагогикалық үдерісі жеке тараптарының ұтымдылығы сипатталады.

2. Тәжірибенің жетекші идеясы мен теориялық негіздемесі. Жұмыстың идеясы немесе негізгі ойы айқын нақтылануы және «Жұмыс неге арналған? Не туралы?» деген сұрақтарға жауап беруі тиіс. Ғылыми тұжырымдаумен емес, қарапайым тұжырымдауды қолдана отырып, тәжірибенің қысқа теориялық негіздемесін берген жөн. Мұндай тәсіл қолданатын теориялар мен тұжырымдамаларды түсіндіруін көрсетуге мүмкіндік береді.

3. Мақсаттар мен педагогтың өз жұмысы барысында шешілетін міндеттер. Міндеттер мақсатты нақтылауы, ал мақсат жетудің кезеңдерін айқындауы тиіс.

4. Тәжірибені жинақтау және жүйелендіру кезеңдері.

1) Бірінші кезең – дайындық кезеңі. Педагогикалық тәжірибені іске асыру үшін жағдайлар жасау жұмыстары сипатталады.

2) Екінші кезең – ендіру кезеңі. Тәжірибені іске асыру кезеңдері, білім беру үдерісіне педагогикалық инновацияларды ендіру үшін іс-әрекеттер кезектілігі; әдістемесі мен технологиялары, балалармен жұмыс жасау тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы сипатталады.

5. Тәжірибенің нәтижелігі, мақсаттар мен критерийлерге сәйкестілігі. Мақсат – өз жұмысыңыздың тәжірибесін қолдана отырып, қол жеткізілетін нәтиже. Сондықтан тәжірибе нәтижесін қорытындылай келе, мақсатты алынған нәтижемен салыстыра отырып, мақсатқа қайта назар аударған жөн.

ҚОРЫТЫНДЫ

Инновациялық әдіс-тәсілдерді ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы қолдану сабақтарды қызықты, эмоционалды байытылған, ашық, көрнекі өткізуге болады, ескірген жұмыстан кетуге мүмкіндік береді, білім берудің желкелік мүмкіндігін береді; оқытуға ынтасын арттырады, түсінуге күрделі процесстер динамикасын көрсетуге, зерттеулер мен жобаларды орындауға ықпал етеді.

Сол себептен шынайы білім беру практикасына инновациялық бағдарламалар мен технологияларды кезеңді енгізу, танымдық процессті жетілдіру келесі жағдайларды қамтиды:

- білім сапасын арттырады;
- баланың жалпы дамуын алға жетелейді;
- қиындықтарды жеңуге көмектеседі;
- баланың өміріне қуаныш әкеледі;
- педагог пен тәрбиеленуші арасында өзара қарым-қатынасты жақсартуға, олардың оқу процесінде ынтымақтастығына қолайлы жағдайлар құрады;
- интернет-ресурстар арқылы бірыңғай ақпараттық орта құру процесіне ата-аналарды тартуға ықпал етеді;
- тәрбие жұмысында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолдану арқылы әдістемелік материалдар жинағын құрады.

Баланың білімге ізденісі, құштарлығы артады, оның бойында шығармашылдық, еңбекқорлық, ізденімпаздық қасиеттер қалыптаса бастайды.

Мектепке дейінгі білім сапасын арттырудағы жаңа инновациялық технологияларды сараптай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

- мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бағытында жаңа инновациялық технология түрлері сан алуан, оларды таңдау және одан шығатын нәтиже педагогтың кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты;
- жаңа инновациялық технологияларды енгізу жүйелі әрі мақсатты түрде жүргізілгенде ғана жетістікке жетуге болады;
- жаңа инновациялық оқыту технологияларын енгізу барысында әрбір оқу орнының материалдық-техникалық базасының бүгінгі талапқа сай болуы, кадрлық әлеуметтің біліктілігі маңызды рөл атқарады.

Қорыта келгенде, аталған педагогикалық технологиялар мен инновациялық құралдарды балабақшада балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, әр сатыға балалардың қабылдау мүмкіндіктеріне сай пайдалануға болады. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процесстері тұрақсыз келеді. Сондықтан олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады.

Қазіргі жас ұрпақтың сапалы тәрбие мен білім алуының бірден-бір шарты – тәрбие мен оқыту процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу болып табылады. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу – әрбір педагогтың негізгі міндеті.

ҚОСЫМША

Білім беру саласы: «Таным», «Қатынас», «Әлеуметтік орта», «Шығармашылық», «Денсаулық»

Ұйымдастырылған оқу іс –әрекеті: Қоршаған ортамен таныстыру

Тобы: Ересектер

Тақырыбы: «Балықтар»

Мақсат-міндеттері:

Балалардың балықтар туралы түсініктерін жұмбақ шешкізу, видео көрсету, дидактикалық ойындар, тапсырмалар орындату арқылы кеңейту. Балық түрлерінің үш тілдегі атауын үйрету.

Оқу іс-әрекетін ұйымдастыру барысында үш тілде ойындар қолдану арқылы балалардың сөздік қорларын молайту, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Үл-кейткіш құрал, прожектордың көмегі арқылы балалардың оқу іс-әрекетіне деген қызығушылықтарын арттыру.

Қоршаған ортаны танып білу арқылы балықтарды күтіп баптауға, оған қамқор болуға тәрбиелеу. Ойын, тапсырмалар бере отырып, балалардың зейінін, ойлау қаблетін дамыту.

Әдіс-тәсілдері: АКТ, ойын, көрсету, түсіндіру, сұрақ-жауап

Алдын-ала жүргізілетін жұмыс: Балықтар туралы әңгіме жүргізу.

Қажетті құралдар: Интерактивті тақта, компьютерлер.

Билингвалдық компонент:

Балық – рыба, балық – fish

Жайын – сом, жайын – cat-fish

Шортан – щука, шортан – pike

Табан – лещ, табан – bream

Мөңке – карась, мөңке – crucian

Сары -желтый, сары - yellow

Қызыл - красный, қызыл - red

Көк - синий, көк - blue

Жасыл - зеленый, жасыл - green

Қызғылтсары - оранжевый, қызғылт - сары – orange

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Мотивациялық-қозғаушылық</p>	<p><i>Балаларды жартылай шеңберге тұрғызады.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, сендерге жұмбақ шешкен ұнайды ма? - Ендеше мына жұмбақты тыңдап, шешуін табып көріңдерші? <p>Суда өсіп, өнеді. Сыртқа шықса өледі. Ол не?</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қане, балалар, жауаптарыңның дұрыс не қате екенін тексеру үшін үлкейткіш құралды пайдаланып шелектің ішін қарайық. <p>Жұмбақтың дұрыс жауабы осы шелектің ішінде жасырылған.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Шелектің ішінде не бар екен? <p>Сендердің жауаптарың дұрыс болды, жарайсыңдар.</p> <ul style="list-style-type: none"> -Балалар, балықты үш тілде қалай атайтын едік? <p>Дұрыс, балалар.</p>	<p><i>Жартылай шеңберге тұрады.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Иә, ұнайды. <p><i>Жұмбақты тыңдайды.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Ол – балық. <p><i>-Үлкейткіш құрал арқылы қарайды.</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Шелекте балық бар. <p>- Балық, рыба, fish.</p>
	<p>The aim: To develop thinking, answer the questions Presentation: Match the fishes in the picture</p> <p>How much fishes have you got? And you?</p> <p>-Жарайсыңдар, балалар. Ағылшын тілінде де ойын тапсырмаларын дұрыс орындай білдіңдер.</p> <p>-Балалар, мен сендерге тағы да тапсырма бергім келіп тұр. Сендер сурет салғанды ұнатасыңдар ма?</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ендеше, мен сендерге түрлі боямақтар дайындап қойдым. <p>Сол боямақтың ішінен өздеріңе ұнаған бір балықты таңдап алып, оны әдемі етіп бояу керексіндер.</p> <p>Боямақ: «Балықтар» <i>Мақсаты:</i> Түстерді дұрыс таңдауға, шығармашылыққа баулу. <i>Шарты:</i> Боямақтағы өздеріңе ұнаған балық түрін таңдап алу, балықтың суретін әдемілеп бояу.</p>	<p>3 (three) 4 (four)</p> <ul style="list-style-type: none"> - Иә, ұнайды. <p><i>Өздеріңе ұнаған балықтың түрін таңдап алады.</i></p> <p><i>Боямақтағы балықтың суретін бояйды.</i></p>

<p>Ұйымдастыру- ізденушілік</p>	<p>- Балалар, бәріміз экранға назар аударып, балықтар туралы бейнетаспа қарап алайық.</p> <p>- Қандай балық түрлерін білесіңдер? Ендеше прожектор арқылы балықтарды жеке-жеке қарап, атауларын үш тілде атайық.</p> <p>- Балалар, орнымызға отырайық. Ребята, вы хотите поиграть? Давайте тогда поиграем в дидактическую игру «Ловим рыбок».</p> <p><i>Задачи:</i> Научить детей различать рыб от других водных обитателей: морских звёзд, медуз, спондж.</p> <p><i>Условия:</i> Наловить среди морских жителей только корыби и опустить в ведро.</p> <p>- Чудесно, ребята! Сколько рыбок наловили?</p> <p>- Жарайсыңдар, балалар. Мен сендердің тапқырлықтарыңды сынағым келіп тұр. Балықтар туралы тапсырмаларым бар.</p> <p>- Тапсырманы орындайсыңдар ма?</p> <p>Дидактикалық ойын: «Тез ойла»</p> <p><i>Мақсаты:</i> Балықтар туралы тапсырманы беру арқылы балалардың тапқырлықтарын, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p><i>Шарты:</i> Тапсырма сұрақтарын мұқият тыңдап, дұрыс жауабын табу.</p> <p>1) Суретте неше балық бар? Екі, бес, жеті. Қай жауап дұрыс?</p> <p>2) Бірдей балықтар саны нешеу? Он, бес, жеті. Қай жауап дұрыс?</p> <p>3) Үлкен балықтар саны нешеу? Он, үш, жеті. Қай жауап дұрыс?</p> <p>- Қандай тапқыр, балалар. Барлық тапсырманы дұрыс әрі тез орындай алдыңдар.</p> <p>- Балалар, орнымыздан тұрып сергіту сәтін орындап, сергіп алайық.</p> <p>- Сергіп алсақ, орнымызға отырайық.</p>	<p><i>Балықтар туралы бейнетаспа көреді.</i></p> <p>- Жайын, табан, көксерке, шортан, мөнке.</p> <p>- Жайын, сом, cat-fish</p> <p>Шортан, щука, pike</p> <p>Табан, лещ, bream</p> <p>Мөнке, карась, stucian</p> <p><i>Орындарына отырады.</i></p> <p>- Да</p> <p>- Понимая условия игры, выполняют задания.</p> <p>4 рыб поймали.</p> <p>- Иә, орындаймыз.</p> <p>- Суретте екі балық бар.</p> <p>- Бес бірдей балық бар.</p> <p>- Жеті үлкен балық бар.</p> <p><i>Сергіту сәтін орындайды.</i></p> <p><i>Экранға қарап қимылдайды.</i></p> <p><i>Орындарына отырады.</i></p>
--	--	---

	<p>Do you want to play? Well, children let's playing together Computer games: «Match the fishes» Балықты бояған кезде қолданған түстерінді үш тілде атап беріңдер. Сен ше? - Жарайсыңдар, балалар. Бәріміз орнымыздан тұрып ортаға жартылай шеңбер құрып тұрайық.</p>	<p>- Сары, желтый, yellow - Қызыл, красный, red - Көк, синий, blue - Жасыл, зеленый, green - Қызғылтсары, оранжевый, orange <i>Жартылай шеңбер құрып тұрады.</i></p>
Рефлексивті-түзетушілік	<p>- Балалар, бүгін біз не туралы әңгімеледік? - Балықтар қайда мекендейді? - Ендеше «Не қайда мекендейді?» дидактикалық ойынын ойнайық. <i>Мақсаты:</i> Көл мен мұхитты мекен ететін балықтардың түрлерін ажырата білуге үйрету.</p>	<p>- Балықтар туралы әңгімеледік. - Балықтар суда мекендейді. <i>Көлде және мұхитта мекен ететін балықтарды өз орнына орналастырады.</i></p>

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: Балықтар, оның түрлері туралы жалпы түсінік алады.

Нені игереді: Интерактив тақта арқылы тапсырма орындауды үйренеді.

Нені біледі: Балықтар, оның түстері туралы үш тілде біледі.

Білім беру саласы: «Таным», «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу іс –әрекеті: Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру

Тобы: Ересектер

Тақырыбы: «Алма» ертегісінің желісі бойынша 4 санын қайталау.

Мақсаты:

1. Балалармен ертегіні еске түсіру арқылы 4 санын қайталау.
2. Құрамын ажыратуды, таңбалауды, көлем, кеңістікті бағдарлау білімдерін бекіту.
3. Жаңа технологияларды пайдалану арқылы оқу іс-әрекетіне қызығушылық арттыру

Әдіс-тәсілдері: АКТ, түсіндіру, сұрақ –жауап

Алдын-ала жүргізілетін жұмыс: 4 санының құрамын қайталау.

Қажетті құралдар: Интерактивті тақта

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козғаушылық	Музыка ойналып, көңілді қалыппен балаларды бастап, залға кіреді.	<p><i>Балалар музыка әуенімен залға кіріп, қонақтармен амандасады.</i></p> <p>-Күннің көзі ашылсын Көкке шуақ шашылсын, Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті Ал, қанекей бәріміз Сәлем дейік үлкенге Сәлеметсіздер ме, апайлар!</p>
Ұйымдастыру-ізденушілік	<p>-Жарайсындар! -Суреттерді алып, бір-бір сөздермен жұмбақтарды жасырады. Жұмбақтардың жауабы интерактивті тақтадан шығып, көрсетіліп тұрады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Көздер. 2.Қырыққабат. 3.Торғай. 4.Сиыр 5.Жапалақ. 6.Ит. 7.Балық. 8.Сәбіз. 9.Мұрын. 10.Құлақ. 11.Акқу. 12.Пияз. <p><i>Интерактивті тақтадан «Тапқышбек» пайда болады, өзін таныстырады, жұмбақ жасырады:</i></p> <p>-Сәлеметсіңдер ме, балалар, менің атым Тапқышбек. Мен сендерге жұмбақ жасырамын.</p> <p>-Көкпеңбек еді көктемде Қызарды күз жеткенде.</p>	<p>Балалар орындықтардың жанына келіп тұрады. Суреттерді алып, жұмбақтар жасырады.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.Онымен біз көреміз. 2. Бақшада өседі, қабат-қабат оралған. 3.Кішкентай құс, түсі қоңыр. 4. Бізге сүт береді. 5.Түнде ұшады, күндіз ұйқтайды. 6.Үй күзетеді. 7. Суда өмір сүреді. 8.Қоянның жақсы көретін көкөнісі. 9.Біз онымен тыныс аламыз. 10.Біз онымен естиміз. 11.Ең сұлу құс. 12. Турсаң, көзіңнен жас шығады. <p>Балалар жауабы : -Алма.</p>

	<p>«Тапқышбек»: -Балалар, сендер «Алма» ертегісін білесіңдерме? -Ертегіні еске түсірейік. Тақтадан ертегіден үзінді суреттері пайда болады.</p> <p>-Біз пойызға отырып, сол ертегіге қонаққа барайық. Интерактивті тақтадан «Тапқышбек» хабарлайды:</p> <p>1-Аялдама. (сұрақтар) Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін кезекпен атайық. -Алманы бірінші қай кейіпкер көреді? -Алманы қайсысы қағып түсіреді? - Алманы қай кейіпкер қағып алады? - Алманы қандай кейіпкер бөліп береді? -Барлығы қанша кейіпкер болды? -Балалар, «4» саны неге ұқсайды екен?</p> <p>«Тапқышбек»: -«4» санының құрамы қандай? Инт. тақтадан таблица шығады, бір бала қаламмен 4 санының құрамын жинайды.</p> <p style="text-align: center;">4</p> <p>3/1 2/2 0/4</p>	<p><i>Балалар ертегі кейіпкерлерін естеріне түсіреді. Балалар 10 нан-1 ге дейін санап, музыкамен «жолға» аттанады. Айналып келіп, орындарына отырады.</i></p> <p>Интерактив. т.:</p> <p>-Қоян-1 - Қарға -2 - Кірпі-3 -Аю-4</p> <p>-Төңкерілген орындыққа, гүл ұстаған адамға т.с.с.</p>
--	---	--

	<p>2-аялдама.</p> <p>«Тапқышбек»: -Жарайсыңдар! Келесі тапсырма: - Ертегі кейіпкерлерін көлемі бойынша орналастыр. -Қоян -қарға -кірпі -аю</p> <p>Тәрбиеші: -Балалар, кейіпкерлерді көлемі бойынша , үлкеннен кішісіне қарай қарай орналастырамыз. -Енді барлық кейіпкерлерге жететіндей етіп, алманың суретін салыңдар.</p> <p>«Тапқышбек»: -Қанша алма салдыңдар? Тәрбиеші: -Кейіпкерлер саны мен алманың саны бірдей ме? Ендеше мынандай қорытындыға келеміз : Кейіпкерлер саны қанша болса, алма сонша. Қане, бәріміз қайталайық.</p> <p>Сергіту сәті: Тақтадан балалар шығып, музыка ойнап, сергіту сәтін жасайды.</p>	<p><i>Балалар өз тақтайшаларында суреттерді көлемі бойынша орналастырады.</i></p> <p>Интерактив.т.: 1-аю, 2-қоян, 3-қарға, 4-кірпі суреттері пайда болады. <i>Балалар өз тақтайшаларында салады. Балалар санайды, «бірдей» деген қорытындыға келеді</i> <i>Бір бала шығып тақтаға әр кейіпкердің тұсына алманың қаламмен жылжытып қояды, суретін бояйды, (заливка), қалғандары өз тақтайшаларында салады.</i> <i>Балалар музыкамен қимылдарды қайталайды.</i></p>
	<p>Интерактив.т. 3-аялдама:</p> <p>«Тапқышбек»: Балалар бұл аялдамадағы тапсырманы мұқият қарап, есте сақтау керек. -Алма тақтаның қай бөлігіне орналасқан? -Қоян тақтаның қай бөлігіне орналасқан? -Қарға тақтаның қай бөлігіне орналасқан? -Кірпі тақтаның қай бөлігіне орналасқан? -Аю тақтаның қай бөлігіне орналасқан? -Қоянның үйі қандай пішін екен? - Қарғаның үйі қандай пішін екен?</p>	<p>- Оргасында. -Оң жақ жоғарғы бұрышында -Сол жақ жоғарғы бұрышында. -Оң жақ төменгі бұрышында -Сол жақ төменгі бұрышында. -Үшбұрыш. -Төртбұрыш</p>

	<p>-Кірпінің үйі қандай пішін екен? - Аюдың үйі қандай пішін екен? <i>Тақтадағы сурет өшеді.</i></p> <p>«Тапқышбек»: -Балалар, кейіпкерлердің орналасу ретін естеріңе сақтадыңдар ма? <i>Тәрбиеші балалармен бірге пысықтайды.</i> -Балалар, сендер бұл кейіпкерлердің орналасу ретін естеріңе сақтап, тақтайшаларыңа олардың үйлерін салуға тиіссiңдер. -Кейіпкерлердің үйлері қандай пішіндер еді, қай жерге орналасқан еді? <i>Тәрбиеші балалардың жұмыстарын тексеріп, қорытындылайды.</i></p>	<p>-Дөңгелек -Сопақша.</p> <p><i>Балалар естерінде қалған кейіпкерлердің орналасу ретін қайталайды. Балалар естеріне түсірген сайын тақтада қайтадан кейіпкерлер пайда бола бастайды.</i> <i>Бала шығып, пішіндерді тақтаның бетіне белгілейді, қалғандары өз тақтайшаларында салады.</i></p>
	<p>Интерактив.т. «Тапқышбек» 4-аялдама: - Балалар, ертегі кейіпкерлері сендерге рахмет айтып, ойындар ұсынады. Ойнаймыз ба?</p> <p>«Тапқышбек»: -Жарайсыңдар, балалар! Мен сендермен бірге саяхаттағанымға өте қуаныштымын! Сендерге саяхат ұнады ма? -Қай жері ұнады?</p> <p>-Сендер бәрін біледі екенсіңдер! -Сау болыңдар!</p>	<p>Инт.тақтадан <i>балалар « Суретті жина», «Лото», «Өрнекті құрастыр» тапсырмаларын орындайды.</i> <i>Балалар өздеріне не ұнағандарын атап өтіп, оқу іс-әрекетін қорытындылайды.</i> -Маған билеген ұнады. -Маған 4 санының құрамын табу ұнады. -Маған ойын ойнаған ұнады.</p>
Рефлексивті-түзетушілік	<p><i>Тәрбиеші балалардың не ұққанын, Қандай аялдамаларда болғандарын, қандай жолмен тапсырмаларды орындағандарын пысықтайды.</i></p>	<p><i>Балалар естеріне түсіріп қайталап, айтып шығады</i></p>

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: Балалар ертегі арқылы 4 саны туралы білімдерін бекітеді.

Нені игереді: Интерактив тақта арқылы тапсырма орындауды үйренеді

Нені біледі: Математикалық түсініктері туралы білімдерін көрсетеді.

Білім беру саласы: «Таным», «Қатынас», «Шығармашылық»

Ұйымдастырылған оқу іс –әрекеті: Сауат ашу, Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру, Тіл дамыту, Жапсыру

Тобы: Ересектер

Тақырыбы: «Көктем кереметтері»

Мақсат –міндеттері:

Тілдік қарым-қатынас іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын байытып, сөйлеу барысында қолдану, ұсақ қол бұлшықеттерін дамыту, қарым-қатынас мәдениетінің қарапайым дағдыларын дамыту, сауатты сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, табиғатты сүйеге, қадірлеуге, сыластыққа тәрбиелеу.

Алдын –ала жүргізілетін жұмыс: Көктем туралы тақпақтар жаттату, әңгімелеу

Қажетті құралдар: интерактивті тақта, слайдтар, мақта дискісі, жүн, бояу, сүрткіштер, т.б.

Билингвалдық компоненттер: Көктем-весна-spring

Инклюзивтік әлеумет: Айшаны жақын тартып жеке көмек көрсетемін.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козғаушылық	Шаттық шеңбері: Арайлап таң атты Алтын сәуле таратты Жарқырайды даламыз Жарқырайды қаламыз Қайырлы таң, балалар! Қайырлы таң, қонақтар! <i>Қыс балалармен бірге отырады.</i>	<i>Балалар шаттана сәлемдесіп, күлімдей қонақтарды қарсы алады.</i>
Ұйымдастыру-іденушілік	<i>Сыңғырлаған күлкі естіледі.</i> Қыс: -Балалар, тындандаршы біреу келе жатқан сияқты, менің де кететін кезім келген болар. -Мен кетейін, ендеше, сау болыңдар! <i>Көктем кіреді.</i> - Сәлеметсіздер ме, балалар? - Сен оны қайдан білдің? - Жарайсың! - Бәрекедді, неткен ақылды едіңдер. Сендердің сағыныштарыңды біліп мен де құр қол келгенім жоқ, өзіммен бірге ойындар ала келдім.	<i>Күлкіні естіп қызығушылық сезімдері оянады.</i> -Сау болыңыз! Келесі кездескенше Қыс ханшайымы. - Сәлеметсіз бе, Көктем ханшайымы! -Көктемнің жақында келетінін біліп едім. -Себебі күн жадырай бастады. -Айнала жасыл кілемге айналды. -Құстар ұшып келіп жатыр.

	<p>Ойнаймыз ба?</p> <p>- Ал олай болса «Жыл мезгілдері» ойынын ойнайық.</p> <p>- Мына жұмбақты шеше аласыңдар ма?</p> <p><i>(Қыс туралы жұмбақ айтылады)</i></p> <p>-Енді дұрыс жауабын көрейік. <i>(интерактив тақтадан фотосы көрінеді)</i></p> <p>- Ендігі жұмбақты үш дауыспен оқып берейін, мүмкін сонда жауабын тез тауып, естеріңде қалар. <i>(Жаз туралы жұмбақ айтылады)</i></p> <p>- Жауаптың дұрыстығын тексерейік. <i>(интерактив тақтадан фотосы көрінеді)</i></p> <p>- Келесі жұмбақты ұнтаспадан тыңдауларыңызды ұсынамын. <i>(Көктем туралы жұмбақ айтылады)</i></p> <p><i>(интерактив тақтадан фотосы көрінеді)</i></p> <p>- Жарайсыңдар, балалар, енді мына жұмбақ сендерге кесте түрінде беріліпті.</p> <p><i>(Күз мезгілінің белгілері көрсетілген сурет-кестелер интерактив тақтадан көрсетеді)</i></p> <p>- Айтындаршы балалар, бұл қай мезгілдің белгілері екен?</p> <p>- Жауаптарың дұрыс. Ал мынау қандай құс?</p> <p>- Оның қай кезде ұшып келетінін кім біледі?</p> <p>- Неткен ақылдысыңдар.</p> <p>- Ал мына жемістер қай кезде пісетінін кім айтады?</p> <p>- Суреттегі құстар не істеп жатыр?</p> <p>- Суреттегі бәйшешек қар астынан қай мезгілде көрінеді?</p> <p>- Бірде жерге қар түседі, ал енді бірде жапырақтар түседі. Бұл қай мезгілдер?</p> <p>- Қай мезгілде адамдар шөп жинайды, қай кезде мұздар ериді?</p>	<p>- Алақай, ойнаймыз!</p> <p>- Қыс мезгілі</p> <p>-Жауабы дұрыс</p> <p>- Жаз мезгілі</p> <p>Жауаптың дұрыстығына көздері жетеді.</p> <p>- Әрине, бұл көктем мезгілі</p> <p>-Бұл күз мезгілі.</p> <p>-Бозшымшық.</p> <p>-Қыста ұшып келеді.</p> <p>- Жаз мезгілінде.</p> <p>- Олар күз мезгілінде жылы жаққа ұшып барады.</p> <p>- Көктем мезгілі.</p> <p>- Қыс және күз мезгілдері</p> <p>- Күзде адамдар шөп жинайды, көктемде мұздар ериді.</p>
--	---	--

	<p>- Не бірінші, не кейін? - Сендер қай кезде мектепке барасыздар? - Олай болса, сол күз мезгілінен бастап айтыңдаршы. - Жарайсыңдар, балалар. Келесі жұмбақты шешіп көрейік: Қар астынан шыға келді, Көктем ісі шыға берді. - Оны үш тілде айта аласыздар ма? -Енді осы бәйшешектерді себеттерге салып олардың аз-көптігін санап, салыстырайық. Маша келеді: -Балалар, сәлеметсіңдер ме? -Сендер менің досым аюды көрген жоксыңдар ма? -Әй, ұйқышыл аюым-ай, әлі ұйықтап жатқан болар. -Аю, аю, тұршы көктем келді ғой. Аю: - А-а, не дейді көктем келді ме, мен білмей қалыппын ғой, балалар, неге сендер мені оятпағансыңдар? Көктем: -Сен тіпті қатты ұйықтағаның сонша менің келгенімді де байқамадың. Маша: -Аюжан, сен мереке туралы да ұмытып кеттің бе? Аю: - Балалар, қандай мереке? Маша: -Біз әлі анамызға гүл де терген жоқпыз ғой. Қане кеттік, біз тез келеміз балалар. Көктем: - Балалар, сендердің сауатты балалар екендеріңді мына сөздер арасындағы түсіп қалған әріптерді қойып, оқуға қалай қарайсыңдар? Алдарыңдағы таратпа құралдарыңды алыңдар да, керек әріптерді қойып оқыңдар. - Жарайсыңдар, балалар неткен ақылдысыңдар.</p>	<p>- Қыс, көктем, жаз, күз. -Күзде. - Күз, қыс, көктем, - жаз. - Бәйшшек - подснежник - snowdrop -Сәлем! -Жооок. - Бұл күз мезгілі. - Бозшымшық - Аналар мерекесі - Жарайды.</p>
--	---	---

	<p>Көктем: -Шаршасаңдар, бой сергітейік. Қане барлығымыз орнымыздан тұрайықшы. <i>Үнтаспадан көңілді әуен естіледі. Топқа көңілсіз Маша мен аю келеді.</i></p> <p>Көктем: -Маша, сендерге не болды?</p> <p>Маша: - Гүл теруге баратын көпірді су шайып алып кетіпті, енді не істесек екен?</p> <p>Көктем: - Маша, сендер мұнаймандар, біздің балаларымыздың қолдарынан келмейтіні жоқ, олар сендердің аналарыңа әп-сәтте сыйлық жасап береді, солай емес пе балалар? - Олай болса өнер орталығына барайық. <i>Түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.</i> - Балалар, іске сәт! Аю мен Маша алғыс айтады.</p> <p>- Иә.</p> <p>- Жарайды.</p>	<p><i>Көңілді әуенмен сәй-кес қимылдар жасап қозғалады.</i></p> <p>- Әрине.</p> <p>-Рахмет. <i>Жасаған жұмыстарын аю мен Машаға береді.</i> - Маша, сендердің көңілдерің көтерілді ме? - Олай болса, бізбен бірге көктем туралы ән айтуға қалай қарайсындар?</p>
<p>Рефлексивті-түзетушілік</p>	<p>- Жарайсындар, балалар! - Балалар, сендер бүгін не істедіңдер? <i>Жасалған жұмыстарын сыйлауды ұсыну.</i></p>	<p>- Қыс мезгілімен қоштасып, көктем мезгілін қарсы алдық. - Жұмбақтар шешіп, қызықты ойындар ойнадық. - Аю мен Машаның көңілін көтеріп, көмек көрсеттік. - Бәйшешектерді санап, салыстыра алдық.</p>

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: Көктем мезгілі, оның ерекшеліктерін ұғынады.

Нені игереді: Бәйшешектерді санау арқылы математикалық түсініктері кеңейеді, сөздік қорлары артып, мәнерлеп оқу, қисынды жауап беру дағдылары қалыптасады.

Нені біледі: Көктем мезгілінің кереметтері туралы біледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2006
2. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
3. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі – сапалы білім. – //Қазақстан мектебі, №4, 2008
4. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А./Өркен, 2007
5. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А./Білім, 2008
6. Использование современных информационных и коммуникационных технологий в учебном процессе: учебно-методическое пособие / Авторы-сопоставители: Д.П. Гевс, В. Н. Подковырова, Е. И. Апольских, М. В, Афонина. – Барнаул: БГПУ, 2006
7. Захарова И. Г. Информационные технологии в образовании: Учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений. – М., 2003

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
Негізгі бөлім	
- Инновациялық технологияларды қолдану бойынша тәрбиелеу-оқыту жұмыстарын ұйымдастыру	5
- Тәрбиелеу-оқыту үдерісінде ақпараттық –коммуникациялық технологияларды қолдану	8
- Тәрбиелеу-оқыту жұмысын ұйымдастыруда инновациялық технологияларды енгізуге қойылатын талаптар	10
Инновациялық бағдарламалар мен технологияларды енгізу кезеңдері....	13
Жұмыс тәжірибесін жинақтау және жалпылау	14
Жинақталған педагогикалық тәжірибені тарату	17
Қорытынды	19
Қосымшалар	20
Пайдаланылған әдебиеттер	32